

становится более осознанным.

### **Роль социальных сетей на молодежь**

Для того чтобы узнать какую роль играют социальные сети на молодежь, мы провели социальный опрос. Опросом были охвачены люди в возрасте от 14 до 34 лет. В ходе анкетирования было выявлено, что большинство молодых людей от 14-18 лет пользуются Инстаграмом, ВКонтакте, а от 25-45 лет предпочитают Facebook.

Для того, чтобы охарактеризовать интенсивность использования социальных сайтов респондентам было задано три вопроса: «Сколько времени в день Вы проводите в социальной сети?», «На протяжении, какого времени Вы пользуетесь социальной сетью?» и «Пробовали ли Вы ограничивать время проведение в сети?». В итоге было выявлено, что, 44,8% примерно тратят 1-2 часа в день, 31% молодежи 3-5 часа, лишь 13,8% тратят больше 8 часов. На втором вопросе было понятно, что 31% пользуются на протяжении 3-6 лет и 24,1% 1-2 года, а остальные 13,8% пользуются социальной сетью больше 6 лет.

Далее респондентам был задан вопрос «Замечаете ли Вы, что перестали делать успехи на работе или в учебе, так как часто сидите в социальных сетях?». Тут мнение молодежи разделилась поровну, половина из них, то есть 31% людей считают что перестали делать успехи. Такая же половина замечают что нет, не перестали. А на вопрос; «Как Вы предпочитаете общаться с родными или же с друзьями?» 51,7% ответили что, предпочитают живое и личное общение, можно сделать вывод, что нынешняя молодежь КР по сравнению с РФ, не сильно зависимы. В этом мы также убедились, задав вопрос: «Что Вы чувствуете, когда нет доступа к социальным сетям?». Большая часть респондентов ответили, что им всё равно есть ли доступ или нет. Это очень радует. Респонденты полностью считают что, нужно всегда ограничивать доступ к социальным сетям. А на последний вопрос: «Какую пользу получают от времяпровождения в социальных сетях?» - 43,3% ответили «получают много полезной информации», 31% - молодежи используют для того, чтобы всегда оставаться в курсе всех событий и 6,9% - только для знакомства.

Актуальность данного исследования заключается в том, что социальные сети играют большую роль в жизни современной молодежи. Ежедневно миллионы людей общаются, знакомятся в социальных сетях, а также назначают встречи и узнают информацию, и именно активными пользователями являются молодежь.

### **Список литературы**

1. Социальные сети: плюсы и минусы;( <https://webakula.ua/blog/socialnye-seti-plyusy-i-minusy/>)
2. История появления социальных сетей;( <https://wiki.rookee.ru/socialnaya-set/>)

## **АЛАШОРДАНЫҢ ТОРҒАЙ БӨЛІМШЕСІ**

**Бірмағамбетова Алтын**, «Тарих» мамандығы 4 курс студенті  
Ғылыми жетекші: PhD докторы **Байдалы Рауан Жомартұлы**  
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық  
университеті, Қостанай қ.

1991 жылдың желтоқсан айында қазақ халқы өзінің ғасырлар бойы армандаған тәуелсіз мемлекет мәртебесіне жетіскеннен кейін төл тарихымыздың қасақана бұрмаланып, мән-мағынасы шындыққа жанаспайтын тұрғыда баяндалып келген мәселелерін қайта жазып, жұртшылыққа жеткізу мүмкіндігі туды.

Қазақ халқының тарихында еліміздің, ұлтымыздың болашағы үшін күресіп, барынша тер төккен азаматтарымыз аз болмады. Дегенмен ұлтының көсегесін көгертпек болған арыстардың есімі сол кездегі сұрқия саясаттың ықпалымен ұзақ жылдар бойы тасада қалып келді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. 1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы - сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы. Біздің ендігі міндетіміз - осы Тәуелсіз мемлекетімізді көздің қарашығындай сақтауымыз керек», - деген болатын [1].

XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінде елеулі рөл атқарған. Алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы және Алашорда үкіметі тарихын зерттеуді жан-жақты, әрі терең ғылыми тұрғыда жалғастыру міндеті тәуелсіз Қазақстан тарихшылары еншісіне тиді. Белгілі тарихшы Қ. Нұрпейісов, Алаштану саласының төмендегідей маңызды деп табылған мәселелер тізбегін ұсынды. Қазіргі кезеңде бұл бағытты жүзеге асыру үшін тарих тағылымынан сабақ алып, ұлттық мемлекетті қайта қалпына келтіру жолындағы Алаш қайраткерлерінің қызметін терең зерделеп, жетекші ойларын басшылыққа алуға тиіспіз.

Біздің білмейтініміз көп. Шындығында, азат ел болу, тәуелсіз жұрт болудың басты шарты – ел қорғаны – әскері. Әскерсіз ел, қорғансыз мемлекет болмайтыны ақиқат.

Осыдан 100 жыл бұрын тәуелсіздік үшін күреске түскен Алашорда қайраткерлері мемлекет ісінде қорғаныстың, қарулы әскердің қажеттілігін сезініп, тәуелсіз ұлт әскерін құрмаққа бекінгені бар. Алаш әскері туралы дерек көп емес. Бұл бір жағынан ұзақ жылдар бойы жүргізілген сұрқия саясаттың салдары.

Сол кезеңдердегі елеулі оқиғалардың өткен жері, Отанымыз үшін қиын – қыстау кездерді бастан кешірген Торғай өңірі. Сұрапыл азаматтық соғыс жылдары осы өңірде Алашорда бөлімшелерінің бірі орналасты. Алашорданың Торғай бөлімшесі туралы зерттеулер жоқтың қасы. Бұл тақырыбымыздың зерттеу өзектілігін арттырып тұр.

Тақырыбымызға байланысты зерттеулердің ішінде XX ғасырдың бас кезінде жақық көрген еңбектердің ерекшелігі, ол мәселенің негізгі мән-мағынасын ашып көрсетуде жан-жақтылық пен деректілік сипат танытуында деп білеміз. Тәуелсіздік жылдарында алаштанушы-тарихшылар Кеңес Нұрпейісовтің «Алаш Іәм Алашорда», Мәмбет Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» атты монографиялық зерттеулері, дәл осы тақырыпта 4 томдық және 3 томдық құжаттар мен материалдар жинақтары, сондай-ақ әдебиет шығармалары жарық көрді. Бұл еңбектер атына заты сай алаштың өзекті мәселелерін зерттеуге негіз болатын құнды шығармалар. Солардың ішінде Алаш әскерінің тарихы бар [2].

1918 жылдың жазында Орынборда Алашорданың Торғай облыстық бөлімшесі құрылды, кейін атауы Облыстық Әскери Кеңеске ауысты. Төрағасы болып Есполов Мырзағазы, мүшелері болып Байтұрсынов, Дулатов және Қадырбаев тағайындалды. Кеңес ең алдымен жасақ және қаражат жинауға кірісіп кетті, алдымен Ақтөбе уезі, кейін Қостанай уезі шеңберінде. Қару мен киім үкімет арқылы Құрылтайшы кеңесінің Самара Комитетінен алынды, ал командалық құрама – Орынбор әскери басқармасынан.

Қостанай уезінде 1918 жылдың жазында 1-ші Қостанай Қазақ ат полкі құрылды, оның командирі болып полковник Д.Панов тағайындалды.

1918 жылдың қыркүйегінде Орынбор әскери басқармасынан Әскери кеңеске Башқұрт үкіметінің бұрынғы мүшесі ұлты татар генерал-майор Дашкин Зюлькарнаин жіберілді. Орынбор казак әскерінің атаманы Дутовтың қолдауы және келісімімен 1918 жылдың қазанында Орск ауданының ерікті қазақтарынан саны 400 жауынгер 2-ші Қазақ ат полкі құрылды. 1918 жылдың 14 қазанында полктің командирі болып Орынбор казак әскерінің полковнигі Н. Быков тағайындалды.

Қазанның соңында Торғай облысы бойынша Комучтің өкілі С. Қадырбаев атаман Дутовтың тапсырмасы бойынша Орскқа барды, онда М.Есполовтың басшылығымен Алашорданың соғыс кеңесі орналасқан, оған алаш бөлімшелерін қаруландыру және керек жарақтармен қамтамасыз ету тапсырылды. Дутовтан алынған және жеке тұлғалардан жиналған саны 600 мылтық қаруды және бірнеше пулеметті Қадырбаев Орскқа жіберді.

Одан басқа, М. Дулатовтың басшылығымен құрылған құрамында 400 адам Торғай Алаш полкі әрекет етті. Полка командирі болып Мұзарап Қасымов, орынбасары болып (кавказ майданынан соғыс тұтқындары санынан алдыртқан) Хидоят есімді түрік офицері

тағайындалды. Полк, «Торғай және Ырғыз уездерін қызылдардан босату» мақсатында, 1919 жылдың ақпанында Торғай уезінің маңына жіберілді. Кейін Мұзарап Қасымов Ақтөбе майданында қызылдармен тұтқындалып атылды [3].

«...алғашқы қырғыз атты жасағы 1918 ж. жазында Қостанай уезінде құрылды. Екінші жасаққа адам саны 400 Орск ауданынан еріктілер болып жігіттер келіп түсті...».

24 маусым 1919 жыл.

Ресей территориясының басым бөлігіндегі Ресейді басып алған большевиктік қозғалыстың толқыны және Уақытша үкімет билігінің құлауы қырғыз интеллигенциясы тұлғасында қырғыз халқы басшыларын 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда өткен жалпы қырғыз съезін шұғыл құруға мәжбүрледі. Съезде Уақытша үкімет билігінің құлауы туралы айтылды және Кеңес билігінен және анархиядан қырғыз халқын құтқару шаралары туралы мәселелер талқыланды. Осы мәселе бойынша съезбен келесі резолюция шығарылды.

Алашорданың Торғай бөлімшесінің мүшелеріне келетін болсақ, олар Мырзағазы Есболұлы мен Елдес Омаровты айтуға болады:

Есболұлы Мырзағазы – Алаш қозғалысының қайраткері. 1891 жылы Қостанай уезі Аманқарағай болысының №4 ауылында туған. Ауыл молдасынан хат таныған соң мұғалімдер мектебін бітіріп, қаламгерлік қабілетінің арқасында қазақ, орыс тілдеріндегі мерзімді баспасөзбен тығыз байланыс жасаған. Қолынан келгенше «Айқап» журналына, «Қазақ» газетіне жәрдемдескен. Империя астанасы Петерборда ресми шығып тұрған «Мусульманская газетаның» тілшісі болған. «Қазақта» жарияланған «Жер туралы», «Үлгі алатын іс», «Үлгілі мектеп», «Күнбатыс майданы», «Майданнан хат», «Жұмысшылар жайынан доклад», «Адасқан жігіттер» атты мақалалары белгілі. Монархиялық режим тұсында «Мусульманская газета» басылымында жарық көрген «Вол в степи» («Қырдағы өгіз») атты мақаласы үшін оған 400 сом айып салынған. 1916 жылы әйгілі «июнь жарлығынан» кейін майданға аттанған қазақ жігіттеріне бас-көз болуды ойлап Ә.Бөкейхандармен бірге (сол жылдың соңғы айлары мен 1917 жылдың басында) Минскідегі әскери қосындарды аралайды. Отандастарына арашашы, қорған болады. 1917 жылдың наурыз-сәуір айларында елге келіп, саяси-қоғамдық істерге араласады. Алаш қозғалысына ат салысады. Осы жылы Алаш партиясы құрылатын I жалпықазақ съезінің де, Алаш автономиясы жарияланатын II жалпықазақ съезінің де ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене қатысады. 1929 жылдың 3 ақпанында тергеушіге берген жауабында: «1919 жылғы ақпанда Троицкіде Дутов штабының қамауына, 15 шілдеде Қостанайда Колчактың қамауына түстім» дейді. ҰҚК архивінде қайраткердің Торғай оқиғасына, Таран, Амангелді өліміне қатысты жазба мәлімдемелері тіркелген. Мұнда ол аласапыран кезеңге шынайы баға беріп, көрген-білгенін, түйгенін жасырмай айтқан. 1920 жылдан бастап ол жаңа қоғамның шаруашылық басқару жұмыстарына кірді. 20-жылдардың басында-ақ қуғын-сүргіні аздау Түркістан автономиялық республикасының орталығы Ташкентке қоныс аударды. Мұнда Жер-су комиссариатында, Мемлекеттік сауда басқармасында жауапты қызметтер атқарды. Осы шақта «Ақ жол» газеті мен «Талап» атты қауымының жұмысына атсалысады. Соңғысының басқарма мүшесі болып, Ы.Алтынсариннің қилы тағдыры мен шығармашылығы туралы дәріс оқиды. 1924 жылы қаламгер ресейлік профессор Д.Кудрявскийдің «Как жили люди в старину» атты танымдық зерттеу кітабын «Арғы мәдениет» деген атпен аударып шықты. Қайраткер 30-жылдардың басында саяси айдауда М.Дулатұлымен бірге болады. Осында қосымша фельшерлік курсті бітіріп, кіші дәрігерлік қызмет істейді. Ол 1938 жылы наурызда нақақ атылады [4].

Елдес Омаровтың қоғамдық-саяси қызметі 1917 жылы патша үкіметі құлатылған жылдардан бері белгілі бола бастаған. Уақытша үкімет орнатылғаннан кейін ол қазақ зиялыларымен қара жұмысқа алынған қазақ жігіттерін елге қайтару ісіне белсене араласты. Осы мәселе төңірегінде «Қазақ» газетіне (№230) М.Есболовпен бірлесе «Майданға хат» атты мақала жариялап, бұратана мекемелерінің майдандағы қазақ жігіттерін елге қайтаруды қолға алуды тездету қажеттігін көтерді [5].

1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығының кесірінен бүліншілікке түсіп,

Қытайға босқан туыстас қырғыз ағайындарға қазақ халқының ақшалай көмек көрсетуін сұраған үндеуді көтерген қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Кәдірбаев, И.Әлімбаев, Ж.Жәнібеков және А.Мәметовтармен бірге Е. Омаров та бар еді [6].

1916 жылы ол Уақытша үкіметтің Торғайдағы үйездік комиссариатының көмекшісі, Торғай облысының азаматтық комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Осы облыстың жан, мал және жер-суының есебін алуға белсене араласты.

Елдес Омаровтың 1927 жылғы 20 қазан күнгі, яғни Әлихан Бөкейхановпен бірге демалып, Қызылордаға қайтып оралғаннан кейінгі жүргізілген тергеу ісіндегі жауабында сол тұстағы қазақ зиялыларының арасындағы саяси қарым-қатынас қысқа әрі түсінікті баяндалған. Бұл кез - Смағұл Сәдуақасовтың Голощекинмен ашық майданға шығып, тура шабуылға көшкен кезі болатын. Ұлттық бағыттағы қайраткерлердің жік арасын Елдес Омаров өз көзқарасы арқылы былай сипаттайды:

«Қазақ коммунистерінің арасында екі топтың барлығы маған белгілі. Олардың біреуіне - Сәдуақасов Смағұл, бұрынғы Жер жөніндегі комиссар Сұлтанбеков, Мыңбаев және Жандосов тағы басқалар басшылық етеді. Екінші топтың жетекшілері: Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Нұрмақов, Тоқтыбаев Кәрім, Тоғжанов тағы басқалары. Бірінші топ - ұлтшылдардың қатарына жатады, екіншісі де біріншіден пәлендей айырмасы жоқ. Аталған екі топтың арасындағы алауыздық тек мәнсап бөлісуден және жеке бастарының араздығынан туындаса керек. Өйткені қазақ халқының мүддесін қорғау кезінде, мысалы жерге орналастыру мәселесі жөніндегі тартыс кезінде екі топ та бірігіп кетті. Қазақтың партияда жоқ зиялылары ана топқа да, мына топқа да іш тартады [7].

Сонымен қатар Алаштың көрнекті жетекшілерінің қайраткерлік іс-әрекеттері қоғамдық өмірдің әр саласында олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерімен тарихта хатталып қалды. Мәселен, Әлихан Бөкейхановтың саясаткерлігі, саясат жүргізудегі «батысшылдығы» ерекше көзге түсті, Ахмет Байтұрсыновқа ең әуелі ағартушылық-ғылымдық пен саяси қимылда байсалдылық және ұстамдылық тән болды. Халел Досмұхамедов пен Мұхаметжан Тынышбаевтардың қоғамдық қайраткерлігінен ғалымдық, зерттеушілік қасиеттері басым жатты. Ал Міржақып Дулатов пен Жақып Ақбаев ең алдымен қоғамдық қайраткерлер ретінде нақтылы іс-әрекеттің адамдары еді. Олар халықты оятудың және оның ұлттық санасын жебеп, жігерлендірудің аса көрнекті шеберлері болды.

Осындай әр қырынан танылған, білімді де талантты қайраткерлер басқарған Алашорда азамат соғысы жылдарында совет өкіметіне жау күштермен одақтас болды. Нәтижесінде азамат соғысында жеңіске жеткен совет өкіметі Алаш пен Алашорданы тарих сахынасынан кетірді. Совет өкіметі Алаш пен Алашорданы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластауда алдау мен арбау әдісін де, қару жұмсап күштеу жолын да қолданды.

Кезінде (1919, 1920 жылдары) Совет өкіметі Алаш қозғалысына қатынасқандардың барлығына кешірім жасағанына қарамастан, азамат соғысынан кейінгі 7-8 жылда Қазақстан ғылымының, оқу-ағарту ісінің, әдебиеті мен өнерінің, халық шаруашылығының дамуына қомақты үлес қосқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдері, ең алдымен Алаш пен Алашордаға жетекшілік жасаған қайраткерлер, түгелге дерлік жалған жаламен «халық жауы» аталып, сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрбандары болды.

Сонымен, Алаш пен Алашорда тарихының маңызды кезеңін зерттеген еңбегімізді аяқтай келе, түбегейлі іс тындырдық деуіміз көңілге қонымды болмас, өйткені, аумалы-төкпелі заманды басынан кешкен партия мен өкіметтің айтылмаған саясаты да, сыры да баршылық. Мұны тәмамдау болашақтың ісі.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Назарбаев Н. Бірінші Республика - Алаш. //Руханият. byerjanibek 28.12.2014.
2. Смағұлов С. Алашорда және ұлттық әскер құру мәселесі // «Ақиқат» Ұлттық қоғамдық-саяси журналы. -2017. -№5. -45-47 бб.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995.

4. Рахым Е. Бүгінгі билік Алаш көсемдерін мойындағысы келмейді // Жас алаш.-2007.-№34.-4 б.
5. Қошалов А. Елдестей есіл ер қайда. //Дала қоңырауы. 1990ж шілде.
6. Қойгелдиев М. Алаш өткен жол // Ақиқат.-1994.-№2.-45 б.
7. Рахым Е. Бүгінгі билік Алаш көсемдерін мойындағысы келмейді// Жас алаш.-2007.-№15.-4 б.

## **ЕДІГЕ БИ НОҒАЙ ОРДАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**

**Дүйсебек А.Ж.**, «Тарих» мамандығы 4 курс студенті.  
Ғылыми жетекші: т.ғ.д., профессор **А.Күзембайұлы**  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

«Қырғыз-қазақ бір туған» деген сөз тіркесін жиі естиміз. Ал шын мәнінде қазаққа ең жақын халық ноғайлар. Тіпті ол екеуін бір халық деп есептеуге болады. Екі халықтың тарихын салыстыра қарасаң жасында бір-бірінен көз жазып қалған ағалы – інілілерді көз алдыңа елестетесің.

Бүгінгі алдарыңызға ұсынып отырған баяндаманың мазмұны да сол ноғай халқының тарихынан қысқаша үзінді. Ноғайлы тарихы тарихнамада аз зерттелген проблемалар қатарына жатады.

Себебі Кеңестік кезеңдерде Ноғай ордасы жайлы ауыз толтыра айтуға мүмкіндік болмады. Оның себебі Ноғай ордасының негізін қалаушы Едіге Ресей мемлекетіне екі рет салық төлетуге мәжбүр еткендігі. Сондықтан да Ресей жұрты ноғайларды «ата жау» санатына қосып, оны ұмыттыруға тырысты. Дегенмен ноғай тарихына қалам тартқан бірнеше тарихшыларды атап өтуге болады. Ресей тарихшысы Трепавлов В.В., эзербайжан ғалымы Әлиева, ноғай тарихшылары Кочекаев Б., Керейтов Р., сияқты зерттеушілер ноғай тарихы мен этнографисы жөнінде сонғы пікірлер айтты [1, 20-8 бб]. Ұстазым А.Күзембайұлы мен Е.Әбіл де өз оқулықтарында Ноғай ордасы тарихына арнайы бөлімдер арнаған [2, 114-133бб].

Қазақ халқына қатысты – алаш, өзбек, татар, қазақ, үш жүз аты қолданылғаны сияқты, ноғайларға – булғар, татар, ноғай, қазандық, астрахандық т.б. деп айтумен бірге түрік, сахалиба деп атау да қолданылған.

Сақлаб-ибн-Яфас-ибн-Нухпайғамбардың әулеті Еділ өзені бойында мекендегені жайында тарихтан белгілі. Тарихта бұлардың арасында Хазар атауы да бар. Қазақтар өзара әңгімесінде барлығымыз бір мұсылман баласымыз дейді. Бұл жалпы мұсылмандарға ишарат жасағаны. Екіншіден, туыстық жағынан баршамыз өзбек ханның ұлымыз деп, ноғайлармен өздерінің туысқандығын білдіреді. Үшіншіден, баршамыз бір қазақтың баласымыз, баршамыз үш жүздің ұрпағымыз деседі. Бұл сөзбен ноғайдан бөлініп шығады. Төртіншіден, ұлы орта және кіші жүз деп тағы да өзге туқымдастарынан дараланады [3, 40-42 бб].

Ежелгі ноғайлы. “Ноғай ұлысы”, ”Ноғайлы жұрты”, ”Ноғай Ордасы” тәрізді атаулар тарихымызға жақсы белгілі. Бұлар шын мәнінде бір халықтың өркендеуіндегі жалғасқан этно-тарихи кезеңдерді сипаттайды. Қазақ эпосына кіретін бірқатар жырлар ”Ноғайлы жырлары” деген атпен де белгілі. Қыпшақ даласындағы, әсіресе, қазіргі батыс Қазақстан аймағындағы қазақ ру – тайпаларының біразының Ноғайлар құрамында болғандарын да білеміз. Еуразия кеңістігінде “ноғай” атауының Ноғай төреден бастау алатынын байқаймыз. Ол әйгілі Жошы ханның шөбересі. Еуразия тарихын жазғанда Ноғайды ескермей айналып өту қиын. сондықтан да ол туралы басы Н.Карамзин мен В.Бартольдтан бастап, бүгінгі В.Трепавлов, З.Қиянатұлы, А.Исин, А.Күзембайұлы тәрізді зерттеушілер елеулі еңбектер жазды. Ескеретініміз, Ноғай және Ноғайлы жұрты туралы әркімнің көзқарасы әртүрлі. Білетініміз, Ноғай Татарұлы 1230 жылы келген. Ол әрине Моңғолияда емес, Қыпшақ даласында дүниеге келді [4, 342 б].